

**«АӨК мемлекеттік қолдау» бағытының
«АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН СУБЪЕКТІЛЕРІН СУБСИДИЯЛАУ
МЕХАНИЗМІ» тақырыбы бойынша
өткізілген кеңестің есебі**

«САРЫЕВ СЕРИК МАМАНОВИЧ» ЖК

Өткізілген күні:

« 23 » қыркүйек 2025 жыл

Кеңестің өткізілген орны:

Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Эксперт: Сауле Жұмашева Сауле Тоқанқызы

**«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік
кешенінің экономикасы және ауылдық
аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің
Басқарма төрағасы**



Е.И.Исламов

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Мемлекеттік қолдау жүйесінің негізгі мәселелері:

- мемлекеттік қолдаудың көптеген түрлері түпкілікті нәтиже алуға емес, аралық технологиялық процестерді орындауға бағытталған, бұл ретте субсидия алушының жауапкершілігі жоқ, өйткені субсидиялау қағидаларында жұмыс нәтижелілігінің нақты индикаторлары көрсетілмеген;

- субсидиялар арудың көптеген белгіленген өлшемшарттарына және бағдарламалардың күрделілігіне байланысты тәуекелдердің үлкен дәрежесі;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көпшілігі үшін субсидиялардың қолжетімсіздігі, субъектілердің, негізінен орта және шағын шаруашылықтардың 80%-ы мемлекеттік көмекке қол жеткізе алмайды;

- мемлекеттік жемшөп қоры құрылмағандықтан, астық бағасының үнемі өсіп отыруына байланысты жоғары өндірістік өзіндік құн;

- ет және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік тауықтардың нашар дамыған асыл тұқымды базасына байланысты жоғары бағамен әкелінеді;

2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;

Ұсыныстар

- асыл тұқымды мал шаруашылығын, өнімнің өнімділігі мен сапасын субсидиялау қағидаларына өзгерістер 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді. Субсидия алатын барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін «қарсы міндеттемелер» енгізілді: өткен жылмен салыстырғанда жалпы өнім көлемінің өсуі немесе сақталуы.

- субсидия аруды жоспарлауды енгізу қажет, бұл мемлекеттік қолдауды, қажетті бюджет қаражатының көлемін дәл есептеуге, инвестициялаудың неғұрлым өзекті бағыттарын қолдану үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді;

- өңірлердің ерекшеліктері ескерілген болуы керек,

- 2025 жылғы 22 маусымнан бастап асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау ережелері жаңартылды, нормалар енді өнім бірліктері (бас, кг, сүт және т.б.) негізінде есептеледі және бақылау енгізілді: егер міндеттемелер орындалмаса - төлемдер тоқтатылуы мүмкін

3) Өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;

"Сарыев Серик Маманович" ЖК мал шаруашылығымен айналысады. Кеңесші мал шаруашылығындағы субсидиялар туралы толықтай баяндап, оны қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсерді нақтылады.

Қазақстанда аграрлық секторды дамытудың жаңа жүйесі әзірленді, АӨК субсидиялау моделі қайта қаралды, бір гектар жерге, ауыл шаруашылығы малдарының басына берілетін қолданыстағы тиімсіз субсидиялар жойылып,

неғұрлым тиімді қолдау шараларына бағытталған.

Мал шаруашылығы саласында мынадай мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылады:

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы бұйрығымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары №108).

2. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін инвестициялық субсидиялау (ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидалары). Осы бағдарлама шеңберінде инвесторлардың жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жұмсаған шығындарының 25% өтеу көзделеді.

Аналық ірі қара мал басын сатып алу және қой сатып алу қаржыландырылды. Нәтижесінде мал шаруашылығында жаңа шаруашылық құрылды. Мысалы, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа тиісінше 10 000 және 5 000 теңге нормативтері бар бір жынысты және екі жынысты тұқымдарды сатып алу енгізілген. Отандық малды сатып алуға 150 000 теңге, ал Аустралиядан, АҚШ-тан, Канададан және Еуропадан импортталған малға 225 000 теңге бөлінді. АӨК-ні дамытудың 2027 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша сүт саласы 50 сиырдан бастап 1200 басқа дейін, 620 бірлікке дейін СТФ салу есебінен дамитын болады.

Мал шаруашылығындағы субсидиялар бағыттары, атап айтқанда етті мал шаруашылығы бағдарламасының негізгі бағыты фермерлік шаруашылықтарды құруға бағытталғандықтан субсидиялар арқылы шаруашылықты кеңейту тиімділігі күтуге болады. Мал шаруашылығын субсидиялау нәтижесінде жаңа шаруашылықтардың құрылуы көбейеді, қуаттылығы кемінде 15 мың бас сауын табынын құрайтын өнеркәсіптік СТФ және отбасылық СТФ ұйымдастырылатындығы орын алатынында күтіледі.

Республика бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялау құрылымында субсидиялар көлемі, тиісінше етті мал шаруашылығында, етті құс шаруашылығында, жұмыртқа құс шаруашылығында, қой шаруашылығында, шошқа шаруашылығында ұлғайғаятыны да күтіледі.

Жемшөпті субсидиялау бойынша субсидияларды алудың нормативтері мен критерийлері ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде әкімдіктердің қаулысымен бекітіледі.

Осылайша, субсидиялаудың жаңа қағидаларының түйінді сәттері мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, қарсы міндеттемелердің орындалуын бақылауды күшейту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша жою және цифрландыру есебінен субсидиялар алу рәсімін оңайлату болып табылады.

4) Сарапшының қатысуымен фотосуреттер



5) Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).

"Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау: бағыттары мен әдістері", "Фермерлерді форвардты қаржыландыру және субсидиялаудың жаңа жүйесі", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі несиелеу: жай күйі, проблемалары, шешу жолдары" презентациялары таратылды.